

Қазақстан Республикасы Ормандарының жай-күйіне, өсірілуіне, қорғалуына, сақталуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 21 наурыздағы N 317. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 23 қаңтардағы N 1925 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

Қазақстан Республикасы ормандарының жай-күйіне, өсірілуіне, қорғалуына, сақталуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жөніндегі Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң*

бірінші орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 5 ж ы л ғ ы 2 1 н а у р ы з д а ғ ы
N 3 1 7 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

Қазақстан Республикасы ормандарының жай-күйіне, өсірілуіне, қорғалуына, сақталуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жөніндегі

ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы ормандарының жай-күйіне, өсірілуіне, қорғалуына, сақталуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылаудың өзіндік міндеттері - ормандарды пайдаланудың белгіленген тәртібін, орман шаруашылығын жүргізудің, ормандарды өсірудің, оларды есепке алудың, қорғау мен сақтаудың ережелерін, сол сияқты экологиялық және ресурстық қуатты арттыру мақсатында орман мониторингі мен орман орналастырудың дұрыс жүргізілуін, орман ресурстарын ұтымды және сарықпай пайдалануды қамтамасыз етудің орман заңдарында көзделген басқа да ережелермен нормаларды барлық заңды ұйымдар мен нақты адамдардың (оның ішінде орман

шаруашылығының мемлекеттік органдарының) орындауын және берік сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттік бақылау орманды таза сақтау, өрттердің, зиянкестер мен аурулардың ошақтарын анықтау және жою жөніндегі, сол сияқты ормандарды пайдаланудың белгіленген тәртібін бұзушылықтың алдын алу және оған жол бермеу, ормандарды өсіру, қорғау, сақтау және оларды есепке алудың, ормандардағы өрт қауіпсіздігі талаптарының, заңсыз ағаш кесуге жол бермеудің және орманға зиян келтіретін басқа да әрекеттердің ережелері мен нормативтері жөніндегі ұйымдастыру және технологиялық шаралардың ғылыми негізделген кешенінің жүргізілуін қамтамасыз етуге негізделеді және орман қоры жерлерінің тиісті мақсатқа пайдаланылуын, орман қоры жерлеріндегі өсімдік және жануарлар дүниесін қорғау мен ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етуге тиіс.

2. Ормандардың жай-күйіне, өсірілуіне, қорғалуына, сақталуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасы орман шаруашылығы басқармасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ аталған Ережеде белгіленген тәртіппен өз құзыры шегінде осыған арнайы өкілдігі бар басқа да органдар жүзеге асырады.

3. Ормандардың жай-күйіне, өсірілуіне, қорғалуына, сақталуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылау мыналарды:

аэроғарыштық және жер үстілік іріктеп алу әдістерін пайдаланатын орман мониторингін;

жекелеген объектілер және бағдарламалар бойынша мақсатты мамандандырылған бақылауды;

кешенді оқтын-оқтын жүргізілетін орман орналастыру бақылауын; аймақтық инспекторлық бақылауды қамтиды.

4. Қазақстан Республикасының орман шаруашылығы жүйесінде ормандардың жай-күйіне, өсірілуіне, қорғалуына, сақталуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттік осы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орман қорғау, сондай-ақ мемлекеттік бақылаудың (оның ішінде облысаралық) бөлімдері немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орман қорғауы құрамына енетін орман шаруашылық өндірістік бірлестіктердің аппараттарындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі жекелеген мамандарына, республикалық бағыныстағы орман шаруашылығының кәсіпорындары мен ұйымдарына берілген.

5. Орман шаруашылығы басқармасының мемлекеттік органдары жанынан ормандардың жай-күйіне, өсірілуіне, қорғалуына, сақталуы мен пайдаланылуына бақылау жөніндегі қоғамдық орман инспекциялары құрылады, олардың қызметтері орман шаруашылығы басқармасының органы бекітетін тиісті Ережемен реттеледі.

6. Орман шаруашылығы басқармасының республикалық органының төрағасы лауазымы бойынша сонымен бірге Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бас орман инспекторы болып табылады. Ормандардың қорғалуына, сақталуына, пайдаланылуына және өсірілуіне (оның ішінде жануарлар дүниесін) мемлекеттік бақылау мәселелерімен айналысатын орман шаруашылығы басқармасы Республикалық органы төрағасының орынбасары лауазымы бойынша сонымен бірге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Бас орман инспекторының орынбасары болып табылады.

Ормандардың сақталуына, қорғалуына, пайдаланылуына және өсірілуіне (оның ішінде жануарлар дүниесін) мемлекеттік бақылау мәселелерімен айналысатын орман шаруашылығы басқармасы республикалық органының басқарма бастықтары мен бөлімдердің бас мамандары, республикалық бағыныстағы орман шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарының басшылары (авиабаза, орман орналастыру кәсіпорны, "Казгипролесхоз" институты, Республикалық орман инженерлік селекциялық-тұқым шаруашылығы орталығы және басқалар), мемлекеттік бақылаудың облысаралық бөлімдерінің бастықтары лауазымы бойынша сонымен бірге Қазақстан Республикасының мемлекеттік аға орман инспекторы болып табылады.<*>

Ормандардың қорғалуына, сақталуына, пайдаланылуына және өсірілуіне (оның ішінде жануарлар дүниесін) мемлекеттік бақылау мәселелерімен айналысатын орман шаруашылығы басқармасы республикалық органының басқармалары мен бөлімдерінің жетекші, аға мамандары, басшылардың орынбасарлары, бөлім бастықтары, сондай-ақ ормандардың қорғалуы, сақталуы, пайдаланылуы және өсірілуі мәселелерімен айналысатын республикалық бағыныстағы орман шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдардың барлық категориядағы мамандары, мемлекеттік бақылаудың облысаралық бөлімдері бастықтарының орынбасарлары мен мамандары, авиазвенолардың командирлері, авиация десанттары топтарының нұсқаушылары лауазымы бойынша сонымен бірге Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекторлары болып табылады.

Облыстардағы орман шаруашылығы өндірістік бірлестігінің басшылары лауазымы бойынша сонымен бірге тиісті облыстық мемлекеттік бас орман инспекторы болып табылады.

Бас орманшы және орман шаруашылығы өндірістік бірлестігінің мемлекеттік бақылау жөніндегі бөлім бастығы (бөлім болмаған жағдайда, осы мәселе жөніндегі маман) лауазымы бойынша сонымен бірге облыстық мемлекеттік бас орман инспекторының орынбасары болып табылады.

Ормандардың қорғалуы, сақталуы, пайдаланылуы және өсірілуі (оның ішінде жануарлар дүниесін) мәселелерімен айналысатын орман шаруашылық өндірістік

бірлестігі авиабөлімшелерінің бастықтары, бөлімдердің бастықтары мен бас мамандары, мемлекеттік бақылау бөлімінің мамандары лауазымы бойынша сонымен бірге облыстық мемлекеттік аға орман инспекторы болып табылады.

Ормандардың қорғалуы, сақталуы, пайдаланылуы және өсірілуі (оның ішінде жануарлар дүниесін) мәселелерімен айналысатын орман шаруашылық өндірістік бірлестігінің жетекші, аға және басқа мамандары, байқаушы-ұшқыштар лауазымы бойынша сонымен бірге облыстық мемлекеттік орман инспекторы болып табылады.

Мемлекеттік орман шаруашылығы (орман-аңшылық) кәсіпорынының (ұйымның) директоры лауазымы бойынша сонымен бірге аталған кәсіпорын қызметі аудандарындағы мемлекеттік аға орман инспекторы, ал осы кәсіпорынның (ұйымның) бас орманшысы кәсіпорын (ұйым) қызметі аудандарындағы мемлекеттік аға орман инспекторының орынбасары болып табылады.

Орманшы, орманшының көмекшісі лауазымы бойынша сонымен бірге орманшылық орналасқан аудандардағы мемлекеттік орман инспекторы болып табылады.

Орман шебері, орманшы және орманшы-егер лауазымы бойынша сонымен бірге күзетілетін учаскелер аудандарындағы мемлекеттік орман инспекторы болып табылады.

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.06. N 454 қаулысымен.

7. Орман шаруашылығы жүйесіндегі мемлекеттік бақылау органдары өздеріне жүктелген міндеттерге сәйкес мыналардың орындалуын:

а) заңды ұйымдар мен нақты адамдардың, олардың қайсы ведомство мен аумаққа жататынына қарамастан, Қазақстан Республикасының орман заңдарын жергілікті өкілетті және атқарушы өкімет органдарының ормандарды пайдалану, өсіру, қорғау мен сақтау мәселелері жөніндегі шешімдерін, сол сияқты орман шаруашылығы басқармасының республикалық органы шығаратын нормативтік актілерді, орман шаруашылығын жүргізу мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттарды берік сақтауын;

ә) ормандардың мемлекеттік есебінің және мемлекеттік орман кадастры құжаттамаларының, орман қорының жай-күйін сипаттайтын басқа да техникалық құжаттамаларының дұрыс жүргізілуін қадағалауды;

б) су қорғауды, қоршаған ортаны, сақтау, санитарлық-гигиеналық, сауықтыру, қоршаған ортаны құрайтын және ормандардың табиғи пайдалылық қасиеттерін, олардың экологиялық жай-күйін қолдау жөніндегі жүргізілетін шаралардың сапасын;

в) орман орналастырудың жобаларында, жоспарларында, мемлекеттік

тапсырыста, ормандардағы өртке қарсы қондырғылардың арнайы техникалық жобаларында, орманды қалпына келтіру, орман өсіру, орманды баптау және басқа орман шаруашылық қызметінде көзделген орман шаруашылық жұмыстардың орындалуы сапасын;

г) Қазақстан Республикасының ормандарында түбірі кесілмеген сүректі босату Ережелерін, ағаш кесу Ережесін және орманды қосалқы пайдалануды жүзеге асыруды қадағалауды;

ғ) орман қорының жалға берілген учаскелерін (оның ішінде ұзақ мерзімге пайдалануға) пайдалану шарттары мен тәртібінің сақталуын;

д) ормандарды ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру мақсатында және аңшылық шаруашылық мұқтаждары үшін пайдалану тәртібін сақтауды;

е) ормандардағы табиғат ескерткіштерінің, қорықтардың және табиғи ұлттық парктер режимін сақтауды;

ж) ормандарды пайдалану және олардың органдарының құрылыс салу, жарылыс жүргізу, пайдалы қазбаларды өндіру, кабель жүргізу, құбыр және басқа жүйелерді салу, кен қазу және басқа орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануды жүзеге асыруға байланысты емес жұмыстар кезінде оларды қорғау тәртібінің сақталуын;

з) орман қоры жерлерінің тиісті мақсатта пайдаланылуын және сол жерлердің қорғалуын;

и) ағаш тұқымдарын аударыстыру, ағаш тұқымдарын жинастыру, сақтау, өңдеу және сапалық ережесінің, қорық шаруашылығын жүргізу, егілетін материалдарды өсірудің озық әдістерін енгізу ережелерінің сақталуын;

к) ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптары сақталуының, орман және өрттердің шығуын, таралуының алдын алу жөніндегі шаралардың, оны дер кезінде байқап, оқшаулап, жоюды қамтамасыз етудің, сондай-ақ орман қорындағы өрт шалған аумақ көлемінің дұрыс есепке алынуының, орман қоры мен орман шаруашылығына өрттің келтірген зияны мен нұқсанын анықтау, орман өрттерінің зардаптарын жою жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануының орындалуын;

қ) Қазақстан Республикасының ормандарында Санитарлық ережелердің, ормандарды зиянкестер мен аурулардан сақтау жөніндегі шаралардың, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының пайда болуы, таралу себептерін дұрыс әрі дер кезінде есепке алу, болжау, су басудан, сорланудан, ағын сулардан және басқа шаруашылыққа кері әсерін тигізетін басқа да әрекеттерден ағаштардың нашарлауы мен бүлінуінің алдын алу жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануының орындалуын;

л) ормандағы жұмыстарға өндірістің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ететін және орман шаруашылығын жүргізу мен табиғи ортаны сақтау

талаптарына жауап беретін жаңа техниканы, өркениетті технологияны, озық тәжірибені енгізудің қолданылуын қамтамасыз етеді және оларға бақылауды жүзеге асырады.

8. Ормандардың жай-күйіне, өсірілуіне, қорғалуына, сақталуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылау органдары мына міндеттерді:

а) қызметтік ведомстволық бақылау мәселелері бойынша орман шаруашылығы басқармасы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;

ә) белгіленген тәртіппен жергілікті өкімет органдарының шешімдері туралы, барлық орман пайдаланушылар үшін міндетті болып табылатын орман шаруашылығын жүргізу және орман ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша орман шаруашылығы басқармасы республикалық органының нормативтік-техникалық және басқа актілері туралы тиісті заңды ұйымдар мен нақты адамдарды хабардар етеді;

б) Қазақстан Республикасының ормандарында шаруашылықты жүргізу мәселелері бойынша өз құзырының шеңберінде белгіленген тәртіпте қорытындылар, ұйғарым-жазбалар, ұсыныстар береді;

в) мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру, бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-ақ орман жүргізу, орман шаруашылық және экономикалық нормативтерді әзірлеу мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу мекемелерінің тақырыптық жоспарлары жөнінде қорытындылар береді және ұсыныстар енгізеді ;

г) орман шаруашылығын жүргізу және орман ресурстарын пайдалану үшін бақылауды ұйымдастыруда орманды пайдаланушыларға қажетті көмек көрсетеді ;

ғ) орман заңдарын насихаттауға қатысады, ормандарды пайдалануды, өсіруді, қорғау мен сақтауды жақсарту жөніндегі шараларға қатысады;

д) қоғамдық орман инспекцияларының жұмысын үйлестіреді.

9. Мемлекеттік бақылау (оның ішінде облысаралық) бөлімдері мемлекеттік орман қорғаудың мемлекеттік бақылау қызметін орындау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады, жоспарлайды және үйлестіреді.

10. Мемлекеттік орман инспекторларына олардың өз құзыры шеңберінде мынадай :

а) орман шаруашылығын жүргізу, орманды пайдалану, өсіру, қорғау, сақтау жөніндегі барлық жұмыстар түрлері мен шараларды тексеруді жүзеге асыру, сондай-ақ орман шаруашылығын жүргізуге және ормандарды пайдалануды жүзеге асыруға байланысты емес орман өндірісі жұмыстарына белгіленген тәртіпті сақтауды қадағалау, ашылған тәртіп бұзушылық турасында хаттама жасау ;

ә) белгіленген үлгідегі қызмет куәлігін көрсету арқылы мемлекеттік, кооперативтік және басқа кәсіпорындарға (бірлестіктерге), мекемелерге, ұйымдарға және басқа объектілерге, олардың қай ведомство мен аумақтық бағыныстылығына қарамастан, ормандардың жай-күйіне, пайдаланылуына, өсірілуіне, қорғалуы мен сақталуына тексеру жүргізу үшін кедергісіз кіру;

б) министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, ведомстволардан, кәсіпорындардан (бірлестіктерден), мекемелерден және ұйымдардан статистикалық және ведомстволық есеп беру жөнінде көзделген көрсеткіштер бойынша ормандарға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді, анықтамаларды, ақпараттарды және басқа материалдарды тегін алу ;

в) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың (бірлестіктердің), ғылыми-зерттеу, жобалау-іздірету мекемелерінің, ұйымдар басшыларының келісімімен талдау, сараптау, қорытындылар беру үшін, сондай-ақ ормандардың пайдаланылуын, өсірілуін, қорғалуы мен сақталуын жақсарту жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуын тексеруге қатыстыру үшін жекелеген мамандарды тарту;

г) кәсіпорындарға (бірлестіктерге), мекемелер мен ұйымдарға, олардың қай ведомствоға және аумақтық бағыныстылығына қарамастан, орманда жұмыс жүргізуші лауазымды адамдар мен азаматтарға ормандарды пайдалануды, өсіруді, қорғау мен сақтауды жақсарту жөніндегі тиісті шаралар жүргізу туралы талаптар қою, оларға орман шаруашылығын жүргізу, орманды пайдалану, өсіру, қорғау мен сақтау ережелерін бұзуды жоюды орындау үшін міндеттейтін нұсқау б е р у ;

ғ) орман шаруашылығына келтірілген зиянның орнын толтыру үшін, орман пайдалану ережелерін бұзғаны, орман ресурстарын ұтымсыз пайдаланғаны үшін, сондай-ақ ормандарды (оның ішінде өртпен) бүлдіргені және жойғаны үшін белгіленген тәртіпке сәйкес нақты адамдар мен заңды ұйымдарға (оның ішінде шетелдіктерге) зиянды өтеуге байланысты айып тарттыру;

д) белгіленген тәртіппен министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың (бірлестіктердің), мекемелердің және ұйымдардың, жергілікті атқарушы өкімет органдарының басшыларына орман заңдарының ережелері мен нормаларының бұзылуына жол берген лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныс енгізу, ал қажет жағдайда айыпты адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін материалдарды прокуратураға тапсыру;

е) ормандарды пайдалану, өсіру, қорғау және сақтау ережелерін бұзған жағдайда бекітіліп берілген ормандар мен ағаш кесу қорын пайдалану құқын тоқтатып қою, тыйым салу және ұсыныс енгізу;

ж) белгіленген тәртіпке сәйкестелмей берілген ағаш кесу билеттерін, орман билеттерін жою ;

з) орман пайдалануды жүзеге асыру үшін берілген жер учаскелерін пайдалану құқына арналған құжаттарды тексеру, егер осы жерлер игерілсе немесе өз мақсатында пайдаланылмаса, онда орман қорындағы жұмысты тоқтатып қою құқы беріледі .

11. Мемлекеттік бас орман инспекторларына, олардың орынбасарларына, мемлекеттік аға орман инспекторларына, олардың орынбасарларына ормандардың жай-күйі мен өсірілуіне қауіп төндіретін, Қазақстан Республикасының ормандарындағы орман заңдары, өрт қауіпсіздігі талаптары мен Санитарлық ережелерді өрескел бұзушылықпен жүзеге асырылып отырған ормандарда жұмыстарды ішінара немесе толық тоқтатып қою құқы беріледі.

12. Орманға мемлекеттік бақылау органдарының белгіленген тәртіпке сәйкес, ормандардағы орман пайдалану, өсіру, қорғау және сақтау ережелері ұдайы бұзылған жағдайда, орман пайдаланушыларға орман қорынан уақытша пайдалануға берілген жерлерді қайтарып алу жөнінде ұсыныс жасауға құқы бар.

13. Орман шаруашылығы мен орман пайдалануды жүзеге асыратын, орман қоры аумағында объектілері бар және орман шаруашылығын жүргізу мен ормандардың жай-күйіне, өсірілуіне ықпал ететін орман пайдалануды жүзеге асыруға қатысы жоқ шараларды өткізетін мемлекеттік, кооперативтік және басқа кәсіпорындардың (бірлестіктердің), ұйымдар мен мекемелердің басшылары мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы лауазымды адамдарға тексеріс жүргізуге (автомобиль көлігімен немесе басқа да көлік құралдарымен, байланыс құралдарымен) қажетті жағдайлар жасауға, өндірістік-техникалық құжаттамаларды беруге және аталған бақылауды жүзеге асырушы органдардың құзырына жататын мәселелер бойынша түсініктер беруге міндетті.

14. Арнаулы объектілердің пайдаланылуына берілген ормандардың жай-күйіне, өсірілуіне, сақталуына, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды тиісті министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен келісім бойынша орман шаруашылығы басқармасының республикалық органдары белгіленген тәртіппен мемлекеттік бақылау органдары жүзеге асырады .

15. Ормандардың жай-күйіне, өсірілуіне, қорғалуына, сақталуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы жүйесінің мемлекеттік бақылау органдары мен осыған арнайы өкілеттігі бар басқа да органдар өз жүйесінде орман шаруашылығын және онда басқа жұмыстар жүргізетін кәсіпорындары (бірлестіктері), мекемелері мен ұйымдары бар министрліктерді, мемлекеттік комитеттерді және ведомстволарды орман заңдарының талаптары сақталуын

олардың ұдайы бақылап отыру міндетінен босатпайды.

16. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы лауазымды адамдар өздеріне жүктелген міндеттерді орындамағаны және берілген құқықты дұрыс пайдаланбағаны үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жауап береді.

17. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы лауазымды адамдардың іс-әрекеті белгіленген заңдық тәртіппен шағымдалуы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК